

"Кеме экипажының ең аз құрамына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 164 бүйрығына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 9 маусымдағы № 336 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 16 маусымда № 15228 болып тіркелді

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-16) тармақшасына сәйкес **БҰЙРАМЫН:**

1. "Кеме экипажының ең аз құрамына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпанды № 164 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10548 тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 24 ақпанды жарияланған,) мынандай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Кеме экипажының ең аз құрамына қойылатын талаптарында:

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Шұғыл эвакуациялық, жалпы сыйымдылығы 500 тіркелімдік тоннаға дейінгі, экипаж құрамы екі ауысыммен жұмыс жасайтын және жағалауда жүзуді жүзеге асыратын кемелердің экипажының ең аз құрамына капитан және аға механик кіреді.";

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. "Aut" рәмізімен мұз сыныпты авариялық-құтқару бусирларында кеме экипажының ең аз құрамына вахталық капитанның көмекшісі және вахталық механик тиісінше электромеханикпен және екінші механикпен астырылады."

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамамен белгіленген тәртіpte:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрықты мемлекеттік тіркеу құнінен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрі*

Ж. Қасымбек

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК